

кей басшыларын тағайындағанда келісім беруі, азаматтардың тең құқықтылығы, т.б. әлеуметтік қолайлы факторлар әсер етеді. Қазақстан мемлекетінің қылмыстық саясаты міне осы түрге жатады. Қазақстандағы криминологиялық жағдай отандық ғалымдардың ұдайы назарында болып отыр.

Қылмыстылықтың кең таралуы мен қылмыстық әрекеттің жастар өмірінің күнкөріс негізіне айналуы мемлекет пен қоғам үшін өзекті мәселенің қатарына жатып отыр. Адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, мемлекеттің әлеуметтік, саяси, экономикалық дамуына жағымсыз әсер ететін және кедергі келтіретін ең басты фактор – қылмыстылық. Мемлекеттің әлеуметтік потенциалының артуы, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруы – қоғамдық криминологиялық мәдениеттің қозғаушы күші. Қоғам мүшесінің қылмысқа, әр қауіпті құбылысқа сауатты қарауы мен төзбеушілік танытуы – қоғамды «қоғамдық пікірмен» сақтау дегенді білдіреді. «Қылмыстылықтың алдын алу – азаматтарды қылмыс жасауынан тежеуіне бағытталған мемлекеттік және қоғамдық органдардың қызметі» деп жазады Қ.Б. Көшелеков [6, 91 б.].

Құқықтық мемлекетті құру – адам өмірі мен денсаулығына қол сұғатын, меншік құқығынан айыратын қауіпті әрекеттердің жолын көрсететін құқықтық құралдарды пайдалану мен адам ресурсын игілікке пайдалануды қамтамасыз ету жолындағы үздіксіз қызметті білдіреді. Тұрақты нарықтық экономикасы, ашық сыртқы саясаты бар адамзаттық қоғам мен демократиялық мемлекет құру – құқықтық реформаның жетістігінің кепілі. Демократиялық, құқықтық мемлекет қана Қазақстан халқының құқығы мен бостандығына, жайлы өміріне кепілдік бере алады және дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Азаматтық қоғамның қылмысқа қарсы күрестегі белсенділігі аса зор маңызға ие. Азаматтық қоғамның заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мақсатында күшті қозғалыстар мен ұйымдар жасақтауы басты қажеттілік болып отыр.

Құқықтық мемлекет – адамдардың заңға сәйкес өмір сүруінің құқықтық тәртіппен қамсыздандырылған ортасы. Құқықтық мемлекетте игіліктер көшін – адам мен оның өмірі, денсаулығы бастайды. Біз игеруге тиіс маңызды қажеттілік – бұл заңға сәйкес әрекет жасауға, өмір сүрудің барлық шарттарына құқықтық сипат беруге, өз құқықтарымыз бен бостандықтарымызды заң арқылы қорғауға және міндеттерімізді мүлтіксіз орындауға, өзге адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, мүдделерін құрметтеуге дағдылану.

1. Алауханов Е., Қарамырза Ж. Жас адамдардың құқық бұзуға бейім мінез құлқы және оның алдын алу мәселелері: монография. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. - 254 б.

2. Кайыржанов Е.И., Исимов С. А. Наркотическая преступность. Шымкент, 2006 - 296 с.

3. Козаченко И. Уголовная метроправовая гнесеология: понятие и содержание // Предупреждение преступности. – 2009. - №1 (25). - С. 4-7.

4. Нарикбаев Т. Транснациональная преступность как угроза безопасности во всем мире // Предупреждение преступности. – 2006. - № 3 (15). – С. 15-16

5. Фрис П.Л. Типы уголовно-правовой политики. Уголовное право: Стратегия развития в XXI веке (материалы 6-й международной научно-практической конференции). - М., 2009. – 592 с.

6. Көшелеков Қ.Б. Экономикалық контрабандалық қылмыстардың алдын алу // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2009. - № 4. – 91-97 бб.

In given article the role of a criminal policy in the course of formation of the person is considered.

В данной статье рассматривается роль уголовной политики в процессе становления личности.

Қ. Уәлиев, Т. Ешенқұлов

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫ: ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІ

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістердің жылдам әрі ауқымды процестері жалғасын тауып отырған бүгінгі таңда, әсіресе, көзқарасы толық қалыптаспаған, әлеуметтік құндылықтар жүйесі тұрақсыз жасөспірімдерге қиын соғады. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасы кәмілетке толмағандарды қылмыстық құқықтың субъектісі ретінде құқықтық қорғауды жеткілікті деңгейде қамтамасыз етеді. Қылмыстық жауапкершілік пен жазаның заң шеңберін анықтауда олардың жас ерекшеліктері ескеріледі.

Кәмілетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігінің әлеуметтік-психологиялық аспектісі қалыптасушы тұлға дамудың қай кезеңінде қылмыстық заң тұрғысынан алғанда жауапкершіліктің осы түрін тарту қабілетін иемдене алатынын анықтауды дұрыс деп санайды. Психология тұрғысынан алғанда қылмыстық жауапкершілік тұлғаның жеке тұлғалық өзін тануына, психологиялық пісіп-

жетілуіне белгілі бір деңгейде әсер етеді, сондықтан да ол жауапты тұлға тәрбиесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Қылмыстық кодексте жауапкершіліктің жас ерекшелігінің екі ең төменгі шегі белгіленген: жалпы – 16 жастан және ерекше – 14 жастан. Бұл орайда екі жағдай (сәт) ескерілген. Біріншіден, адам өзінің мінез-құлқының шынайы сипаты мен қоғамға қауіпті екенін сезіне алатын әлеуметтік дамудың осындай белесіне жетуі. Екіншіден, адам мінез-құлықтың түрін жете түсініп таңдай алуы, өз бетімен шешім қабылдай алуы тиіс. Қылмыстық заңнама көзқарас тұрғысынан алғанда осы қасиеттер 16 жасқа толған тұлғаларда қалыптасып үлгереді. Сонымен бірге қылмыстық заңнама 14 жастан жауапкершілікке тартылатын қылмыс түрлерінің тізімін де қамтиды. Оған кісі өлтіру, денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру, зорлау, ұрлық, тонау, қарақшылық, бопсалау және басқа қылмыс түрлері жатады. Бұл тізімге енген қылмыс түрлері ең кемінде орташа ауыр қылмыстарға, ал басым көпшілігінде тіптен ауыр қылмыстарға жатады. Жасөспірімдер 14 жасқа толғанда мұндай қылықтардың қоғамға қауіптілігі мен оның салдарларын түсінеді.

Кәмелетке толмағандардың психикалық дамуы бірқалыпты болмайды, сондықтан сот-тергеу тәжірибесінде кәмелетке толмағанның белгілі бір жасқа жетуі оның соған сәйкес даму деңгейіне жеткендігін білдірмейтін жағдайлар кездесіп жатады. Психологияда қабылданған «психологиялық жас» паспорттағы жаспен сәйкес келе бермейді және оның шегі өте кең. Психологиялық жас – өлшемді нүктелермен шектелетін хронологиялық бірнеше жыл аралығын қамтитын тұлғалық дамудың белгілі бір сапалық кезеңі. Дамуының тежеулігі жасөспірімнің ақыл-ойы дамуының елеулі кемістігін айқындау үшін негіз болады, сонымен бірге оның эмоционалды-еріктілік қасиетінің пісіп-жетілмеуіне қатысты болады, кейбір сәттерде оған ойлау қабілеті дамуының тежеулігі де қосылады. Бұл ерекшеліктер педагогикалық тұрғыда жіберілген кемшіліктерді тереңдете түседі. Кәмелетке толмағанның психикалық дамуының тежеулігі жас ерекшелігінің психологиясының нормаларына сәйкес тұлғаның қалыптасу кезіндегі ауытқу негізінде белгіленуі мүмкін. Даму деңгейінің осы нормалардан шынайы әрі елеулі қалыстығы психикалық дамудың тежеулігінің түрлі нұсқалары, яғни ақыл-ой кемістігі (көп жағдайда интеллектуалды жетілмеуі) және тұлғалық енжарлық (басым жағдайда тұлғаның жете дамымауы) туралы айтуға мүмкіндік береді.

Қылмыстық заңнама кәмелетке толмағандардың қолымен жасалған қылмыстардың ерекше құқықтық салдарын қарастырады, олардың өздерінің мінез-құлқтарын саналы әрі ерікті реттеудің деңгейі төмендетілген. Бұл жерде жалпы кәмелетке толмағандардың мінез-құлқы туралы емес, нақты криминалды жағдайлар туралы сөз болып отыр. Осы тұста бүгінгі күні заңгерлер арасында жасөспірімдер қылмыстық жауапкершілігінің туындау жасын ұлғайту мәселесі пікірталас арқауы болып отырғанын айтуымыз керек. Бұл жалпы еліміздегі қылмыстық заңнаманы ізгілендіру үдерістерінің жүріп жатқандығына байланысты. Бұл мәселеде өз көзқарасымызды білдіру үшін шетелдік тәжірибені зерделегенді жөн көрдік. Мысалы, Дания елінің тәжірибесін алайық. Бәрінен бұрын Данияның Қылмыстық кодексіне сәйкес 15 жасқа толмаған тұлғалардың іс-әрекеті жазалауға жатпайтынын атап өту керек. Осылайша, 15 жасқа толмаған балалар түрмеге қамау арқылы бас бостандығынан айырылмайды. Олармен әлеуметтік қызмет көрсету орындары жұмыс істеуі тиіс. 15 жастан асқан тұлғаларға қатысты жазаны Данияның Әділет министрлігінің құрылымына кіретін Түрме және пробация департаменті жүзеге асырады.

Бала құқықтары туралы Конвенцияның ережелеріне сәйкес кәмелетке толмағандардың аз ғана бөлігі Данияның орталық және жергілікті түрмелеріне орналастырылады. Бас бостандығынан айыру орындарындағы 15-17 жас аралығындағы кәмелетке толмағандардың орта саны 2001 жылы небары 11 адамды құраған. Сотты күтуші құқық бұзушы кәмелетке толмағандар әдетте сот шешімі бойынша жергілікті уақытша ұстау изоляторларына емес, әлеуметтік мекемелерге орналастырылады. Бас бостандығынан айыру жаза ретінде тек кәмелетке толмаған ауыр қылмыс немесе қайталап қылмыс жасаған кезде ғана таңдалады, қолданылады. Түрме және пробация департаменті әрбір жеке жағдайлар бойынша Жаза қолдану туралы Дат заңының 78-бөлімінің талаптарына сәйкес сотталған жастарды сәйкесінше емдеу немесе әлеуметтік мекемелерге ауыстыру мүмкіндіктерін қарастыруға міндетті. Әлеуметтік қауіптілігі жоғары және қашу мүмкіндігі, сондай-ақ өзге де себептері бар жабық түрмеге орналастырылуы тиіс сотталған құқық бұзушы кәмелетке толмағандар Ринг қаласындағы 23 жасқа дейінгі ер адамдар мен әйелдерге арналған арнайы жаза атқарушы мекеме болып табылатын Мемлекеттік түрмеге жолданады.

1999 жылдың қаңтарына дейін өзге сот үкімі бойынша жаза мерзімін өтеуші және арнайы түзеу мекемелеріне орналастырылмаған құқық бұзушы кәмелетке толмағандар (Жаза қолдану туралы дат заңының 78-бөліміне сәйкес) әдеттегі ашық үлгідегі түрмеге, ересектерден бөлінген арнайы блокқа орналастырылды [1].

Ағылшын заңнамасына сәйкес кәмелетке толмаған деп 10 жастан 21 жасқа дейінгі тұлғалар танылады. Сондықтан «кәмелетке толмағандар қылмысы» термині жасөспірімдер (10-18 жас) мен «жас ересектер» деп аталатын жастарды (18-21 жас) қамтиды. Статистикалық жинақтарда кәмелетке толмағандар қылмысы жастары бойынша топталып бөлек-бөлек есептеледі: 10-14 жас; 14-18 жас; 18-21 жас аралығындағы тұлғалардың қылмысы [2].

Әртүрлі дерек көздерді саралай келе шет мемлекеттердің сөз болып отырған мәселе бойынша заң тәжірибесін төмендегі кестеде көрсеттік [3]:

№	Мемлекет аты	Жауапкершілік туындайтын ең төменгі жас шегі	Ескерту
1	АҚШ	16	
2	Франция	13	
3	Германия	14	
4	Жапония	14	
5	Англия	10-18	Қылмыстың әртүрлі құрамы бойынша
6	Ирландия	7	
7	Финляндия	15	
8	Уэльс	10	
9	Шотландия	8	
10	Жана Зеландия	14	Кісі өлтіру қылмысы үшін – 10 жастан бастап
11	Иран	Қыз балаларға 9 жастан, ұл балаларға 15 жастан	
12	Швейцария	7-15, 15-18, 18-25	
13	Польша	17	Денсаулыққа қасақана ауыр зардап келтіру, т.б. қылмыстар үшін жауапкершілік 15 жастан
14	Грузия	14	2007 жылы 12 жасқа дейін қысқартылды

Жоғарыда көрсетілген кестедегі мәліметтерден түйетініміз, шетел тәжірибесінде жасөспірімдер қылмыстық жауапкершілігінің төменгі жасы туралы бірыңғай позиция жоқ. Тіпті «өркениетті» болып есептелетін көп елдерде жасөспірімдер тым ерте жауапкершілікке тартыла бастайды екен. Қылмыстық ізгілендіруді құқықтық саясатының басым бағыты деп есептейтін елдердің өзінде «ересек қылмыс үшін – ересек жаза» деген қағиданы басшылыққа алатын сияқты. Дей тұрғанмен әр елдің өз даму жолы бар. Соның ішінде қылмыстық қудалау саласында да. Осы тұста бүгінгі күні еліміздегі кейбір қылмыс түрлері үшін жауапкершілік тағайындау жасын ұлғайтуға бағытталған заңнамалық өзгерістер енгізу қадамдарын дұрыс көреміз. Бүгін де Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 175, 178, 181 баптары бойынша қылмыс жасағаны үшін жауапкершіліктің 16 жастан басталуын көздейтін заң жобасының енгізілуі уақытылы әрі сәтті қадам деп есептейміз.

1. Профилактика преступности в Дании // Защити меня. – Москва, 2010. – № 2. – С.27.

2. Мауленов Г. Некоторые вопросы уголовной ответственности несовершеннолетних и ювенальная юстиция // Фемида. – Алматы, 2003. – № 3. – С.25.

3. <http://ru.wikipedia.org/wiki/> <http://www.kommersant.ru/doc.aspx?DocsID=1129118&print=true>, <http://www.pravoteka.ru/lib/ugolovnoe-pravo/0005/146.html>

The questions of changing criminal responsibility age of teens under 16 are considered

Рассматриваются вопросы по изменению возраста уголовной ответственности подростков до 16 лет.

М.Е. Акболатова

ПРИЧИНЫ ПОБЕГОВ ИЗ МЕСТ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ, ИЗ-ПОД АРЕСТА ИЛИ ИЗ-ПОД СТРАЖИ

В науке под причиной понимается явление (или совокупность взаимосвязанных явлений), которое порождает, производит другое явление (явления), рассматриваемое как следствие (результат действия). То есть причина обладает возможностью породить определенные последствия, для наступления которых необходимы еще условия.